

Пятимар ауылдық округі Аққұс, Борық, Плантация елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Пятимар ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі N 2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 11 мамырда N 7-5-115 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 12 тамыздағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып және Аққұс, Борық, Плантация елді мекендері тұрғындарының 2009 жылғы 16 қазандағы жиналыстарының және 2009 жылғы 29 қазандағы Жаңақала аудандық ономастикалық комиссияның хаттамаларын

қ а р а п , **Ш Е Ш І М** **Е Т Е М І Н :**

1. Пятимар ауылдық округінің, Аққұс елді мекеніндегі үлкен көшеге Аққұс, су арнасы бойындағы көшеге Қарағай, үшінші көшеге Ұлы Жеңіске 60 жыл атаулары б е р і л с і н .

2. Пятимар ауылдық округінің, Борық елді мекеніндегі үлкен көшеге Борық, мектеп орналасқан көшеге Мектеп атаулары берілсін.

3. Пятимар ауылдық округінің, Плантация елді мекеніндегі үлкен көшеге Жалын, екінші көшеге Достық, су жағасындағы көшеге Көшім атаулары берілсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

5. Осы шешімнің орындалуын бақылауға алуды өзіме қалдырамын.

Ауыл әкімі

Е. Нысанов